



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2023 жылғы 15 мамырдағы № ДС-162

Құрметті депутаттар!

Түркістан облысы бойынша 51 мектепке күрделі жөндеу жүргізуге және 70 мектепке күрделі жөндеу жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге республикалық бюджеттен қаражат бөлу туралы Сіздердің сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Нысаналы даму трансферттерін қарау және іріктеу қағидаларына сәйкес, (Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №126 бұйрығы) ауылдарда және қалаларда 3 және одан да көп ауысымды оқыту және оқушылар орындарының тапшылығы проблемасын шешетін апатты жай-күйде тұрған және бұзуға жататын мектептердің орнына қуаттылығы 300 және одан да көп, ал республикалық маңызы бар қалаларға және астанаға іргелес елді мекендерде қуаттылығы 300-ден төмен жалпы білім беру мектептерін салуға, реконструкциялауға, кеңейтуге және жаңғыртуға арналған шығыстар **республикалық бюджеттен қаржыландырылады.**

Нәтижесінде, Түркістан облысының мектептеріне жобалық-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі - ЖСҚ) әзірлеуді және мектептерге күрделі жөндеу жүргізуді жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылатын болады.

Сонымен қатар, Түркістан облысының әкімдігі 121 мектепке күрделі жөндеу жүргізу мәселелерін жергілікті бюджеттің мүмкіндіктерін ескере отырып, кезең-кезеңімен шешетінін хабарлаймын. Сондай-ақ, қазіргі уақытта 51 мектептің ЖСҚ-сы әзірленуде.

Т. Дүйсенова